



Айна ақпарат

АБАЙ ОБЛЫСЫНДА КҮЗГІ ЖИЫН - ТЕРІМ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Бүгін облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен кеңейтілген аппараттық кеңес өтті. Жиында Абай облысындағы күзгі жиын-терім жұмыстарының барысы және өндірістік жарақаттанудың алдын алу, қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Кеңеске облыстық басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері қатысты. Аудан және қала әкімдері бей-нережим арқылы қосылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ертай Қуанбаев, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Абай облысы бойынша департаментінің басшысы Ерлан Ниятқабыев және Абай облысы бойынша «Мемлекеттік аннуитеттік компания» акционерлік қоғамы филиалының директоры Асқар Базылов баяндады.

Биыл облыс бойынша жиналатын егіс алқабы 790,9 мың гектарды құрайды. Оның ішінде 368,7 мың гектар – майлы дақылдар, 275,6 мың гектар – дәнді дақылдар, 5,5 мың гектар – картоп, 5,5 мың гектар – көкөніс және бақша дақылдары, 135,6 мың гектар – жем-шөп дақылдары.

Мемлекет басшысының егіс алқаптарын әртараптандыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес бидай алқабы 22,5 мың гектарға қысқарып, майлы дақылдар көлемі 29,3 мың гектарға ұлғайды.

3 қыркүйектегі жедел дерек бойынша облыста 129,7 мың гектар дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар жиналды. Бұл дәнді дақылдар алқабының 47,1 пайызын құрайды. 136,4 мың тонна астық бастырылып, орташа өнімділік гектарына 10,5 центнер болды. Сондай-ақ 1,4 мың гектардан 29,8 мың тонна картоп, 2,3 мың гектардан 59,3 мың тонна көкөніс және бақша дақылдары жиналды.

Қысқы мал азығын дайындау жұмыстары да жалғасуда. 3 қыркүйектегі жағдай бойынша 888,7 мың тонна шөп, 16,5 мың тонна пішендеме, 13,1 мың тонна сүрлем, 32,1 мың тонна сабан және 35,8 мың тонна шоғырланған жем дайындалды.

Жиналған өнімді сақтау үшін облыста жалпы сыйымдылығы 173 мың тонна болатын 3 лицензияланған элеватор және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің 870,9 мың тонна өнім сақтайтын астық қоймалары бар. Қолда бар сақтау қуаттары болжамды өнім көлемін қабылдауға жеткілікті.

Биыл дәнді дақылдардың жалпы түсімі 289,4 мың тонна, майлы дақылдар өнімі 530,9 мың тонна болады деп болжануда. Күзгі жиын-терім жұмыстарын жүргізуге 21 мың тонна дизель отыны бөлінді. Егін жинауға 4 мың трактор, 2,4 мың комбайн және 700 орақ, барлығы 7 мың техника тартылған. Биыл аграршылар 361 заманауи техника сатып алып, техника паркін жаңарту деңгейі 4,1 пайызға жетті.

Облыс әкімі ауыл шаруашылығы басқармасына, аудан және қала әкімдеріне арзандатылған дизель отынын



шаруашылықтарға уақтылы жеткізуді тұрақты бақылауда ұстап, егін жинау жұмыстарын агротехникалық мерзімде аяқтауды тапсырды.

«Жалпы, егін жинау науқаны жоспарға сәйкес жүргізілуде. Дегенмен, бүгінгі талқылаудан көріп отырғанымыздай, бірқатар бағыттар бойынша жұмысты күшейту қажет. Бірінші кезекте, егін жинау қарқыны төмен аудандарға ерекше назар аудару керек. Әрбір аудан бойынша нақты жағдай сараланып, егінді жинаудың белгіленген агротехникалық мерзімдерден кешігуіне жол

берілмеуі тиіс. Екіншіден, жанар-жағармаймен қамтамасыз ету мәселесі толық бақылауда болуы қажет. Дизель отынының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне уақтылы жеткізілуі егін жинау жұмыстарының үздіксіздігіне тікелей әсер етеді. Үшіншіден, техника мен еңбек ресурстарының жеткіліктілігін алдын ала қамтамасыз ету қажет. Қажет болған жағдайда техникасы жеткілікті аудандар мен шаруашылықтардан тиісті қайта бөлу жұмыстарын ұйымдастыру керек. Төртіншіден, жиналған өнімді сақтау және өткізу мәселелері алдын ала шешілуі тиіс. Егінді жинап алғаннан кейін оны сақтайтын орын немесе өткізу мәселесі туындамауы керек. Жалпы, биылғы егін жинау науқанын сапалы әрі уақтылы аяқтау – ауыл шаруашылығы саласының ғана емес, облыстың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды шарты», – деді Берік Уәли.

Абай облысында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Жыл басынан бері 22 кәсіпорында кәсіптік тәуекелдер бағаланып, еңбек жағдайларына аттестаттау жүргізілді. Кәсіпорындарда түсіндіру және профилактикалық шаралар тұрақты ұйымдастырылуда.

Сонымен қатар, қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруға ерекше мән берілуде. Есепті кезеңде 3426 жұмыс беруші тиісті сақтандыру шарттарын жасасты. Алдағы уақытта еңбек шарттарын рәсімдеу, кәсіптік тәуекелдерді төмендету және жұмысшыларды қауіпсіздік талаптарына оқыту бойынша жұмыстар жалғасады.

Аймақ басшысы еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмыскерлердің құқықтарын қорғау бағытындағы жұмысты күшейтуді тапсырды. Жұмыс берушілердің міндетті сақтандыру шарттарын жасасуын қамтамасыз ету, еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтау, кәсіптік тәуекелдердің алдын алу және еңбек шарттарын бірыңғай жүйеге толық енгізу бойынша нақты міндеттер жүктелді.

Абай облысының әкімдігі.

Қоғамдық қабылдау

Аудан әкімі Берік Терлікбаев сәрсенбі күні тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдау барысында аудан әкімінің орынбасарлары мен саланың жауапты мамандары қатысып, тұрғындардың арыз-шағымдарына зер салды, сауалдарына жауап берді. Әр аптаның жұма күні өткізілетін қоғамдық қабылдауда тұрғындар өздерін толғандырған мәселелерін жеткізді. Атап айтар болсақ, Қалбатау ауылының тұрғыны өз кезегінде «Қаратөбе -Қалбатау» бағытына меншікті көлігімен жолаушылар тасымалдайтын маршруттық қызмет көрсетуге ұсыныс білдірді. Бұл орайда тұрғынның жүгінген сауалы бойынша мәселені оңтайлы шешу мақсатында қажетті қаражаттың алдағы уақытта болатын мәслихат отырысына ұсынылатыны, болған жағдайда да мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес конкурс арқылы өтетіні түсіндірілді.

Сондай-ақ, тұрғындар тарапынан елді мекеннің санитарлық тазалық мәселесі, көше жарығы мен үйлеріне ауыз су тарту жайында сауалдарын алға тартты.

Тұрғындардың жеке мәселелерін тыңдаған аудан әкімі өз кезегінде қолданыстағы Заңнама аясында көтерілген мәселелердің шешу жолдарын түсіндірді.

Жалпы қоғамдық қабылдауда көтерілген барлық мәселелердің бақылауға алынатындығын жеткізген аудан әкімі, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Өз тілшіміз.

Акция аясындағы сенбілік



Сенбіде аудан орталығы мен барлық елді мекенінде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кезекті сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Сенбілік барысында аудан орталығы Қалбатау ауылының орталық көшелері мен ескерткіш маңдарында тазалық жұмыстары жүргізіліп, тұрмыстық қалдықтар жиналды. Санитарлық тазалық пен абаттандыруға бағытталған жалпыаудандық сенбілікке аудан әкімі Берік Терлікбаев қатысып, тазалық жұмыстарына атсалысып жатқан тұрғындар мен мекеме қызметкерлеріне алғысын білдірді. Сонымен қатар жауапты сала басшыларына елді мекендердің санитарлық тазалығын сақтау, көшелер мен қоғамдық орындардың көркейтілуін қамтамасыз ету және абаттандыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Сенбілік барысында көшелер, аулалар және қоғамдық орындар тазаланып, аумақтарды көркейту жұмыстары жүргізілді. Қоршаған ортаны таза ұстау – әр азаматтың күнделікті мәдениетінің көрінісі. Қоршаған ортаның тазалығына үндейтін «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы сенбілік жұмыстары аудан көлемінде әрі қарай да тұрақты түрде жалғасын табады.

Кәусар Арықханқызы.



kalba_tynysy



kalba_tynysy



@rv_media2@mail.ru



8-723-47-6-26-99

ТІЛІМ МЕНІҢ - ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ



5 қыркүйек -Қазақстан Халқы Тілдері күніне орай аудандық Мәдениет сарайында «Тіл -қоғам бірлігінің негізі. Мемлекеттік тілдің мәртебесі мен қолдану аясы» атты аудандық семинар ұйымдастырылды. Аудан бойынша «Көркем тіл – көрікті өңір» айлығы аясында өткен семинарға ауданның ауылдық округ әкімдері, дербес бөлім, ұйымдар мен мекеме басшылары және кәсіпкерлер қатысты. Жарма ауданы прокуратурасының прокуроры Оралбекова Аяжан Бақытбекқызы, аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасы Салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің басшысы Жұмашев Нұрлан Думанұлы жиналған көпшілікке баяндама жасап, мемлекеттік тілдің мәртебесі, қолданылу аясы және тіл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелерін кеңінен түсіндірді. Барлық қатысушылар өз тараптарынан баяндама жасаушыларға сауалдарын жолдап, тіл заңнамасының талаптарын талқылады.

Жарма ауданы әкімдігінің аппарат басшысы Шаймұратов Қанат Рымханұлы өңірдің, тіл жанашырларына, тілге құрмет көрсетіп, жарнаманы ұлттық нақышта ұлықтап жүрген кәсіпкерлерге, жас акындарға және мемлекеттік тілдің дамуына үлес қосып жүрген азаматтарға аудан әкімі Берік Терлікбаевтың Алғыс хаттарын табыс етті.

Сонымен қатар «Үздік қазақы нақыштағы атау» номинациясының иегері – «Томпақ» ойын алаңының иесі, «Үздік жарнама» номинациясының иегерлері – ЖК «Бейсенова» «Шаңырақ» шеберханасының иесі марапатталды. Осы орайда айта кету керек, облыс орталығы Семей қаласында ұйымдастырылған «Тіл- татулық тірегі облыстық фестивалі» аймақ бойынша 6 кәсіпкердің арасында «Томпақ» ойын алаңы пен «Шаңырақ» шеберханасының иесі облыстық мәдениет басқармасының Алғыс хатымен және 100 000 теңге қаржылай сыйлыққа ие болды.

Мәдениет сарайында өткен мерекелік шара аясында өткен семинар соңында түрлі этнос ұлт өкілдері өнерлерін тарту етіп, «Ерке», «Томирис», «Кербез» би топтары ұлттық билерді орындаса, аудандық мәдениет сарайының өнерпаздары ән мен күйден шашу шашып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

«Ұлттың сақталуына да жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы -тіл» деген Ахмет Байтұрсынұлы. Әр халықтың ғасырлар бойы жинаған ақыл-ойы, дүниетанымы, салт-дәстүрі, мінез-құлқы, ана тілінен айғақталары сөзсіз. Тіл-тірліктің нәрі, ұлттың жаны, халықтың мәдени нышаны, бола-

шаққа бастар алтын көпірі. Жыл сайын дәстүрлі түрде аталып келе жатқан Тіл мерекесі -тек қазақ тілінің ғана емес, елімізде мекен ететін түрлі этнос өкілдерінің де тіліне, мәдениетіне құрмет көрсететін бірлік пен татулық мейрамы.

Бұл күннің қазақ халқы үшін орны ерекше. Себебі мемлекеттік тілдің тағдыры – тұтас елдің, егемен мемлекеттің болашағымен тікелей байланысты.

Тарихты парақтасақ, 1989 жылғы 22 қыркүйекте «Тілдер туралы» заң қабылданды. Ал мереке 1998 жылдан бастап тойланады. Сол жылдың 22 қыркүйегі Қазақстан халқы тілдері күні болып жарияланды. Алайда жиырма



жылдан кейін атаулы датаның күні өзгерді. 2017 жылдың күзінде Үкімет қаулысымен Тілдер күні 5 қыркүйекке ауыстырылды. Себебі, 5 қыркүйек – қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні еді. Сол үшін 2018 жылдан бастап атаулы датаның күні өзгеріп, 5 қыркүйекте мерекелене бастады. Қазақ тілі қазақтың ұлт ретінде сақталып қалуының басты кепілі болды. Ғасырлар бойы талай тар жол, тайғақ кешулерді бастан өткерген ана тіліміз ұлт зиялыларының қажырлы еңбегі арқасында бүгінгі күнге жетіп отыр. Ұлт ұстазының ізін жалғаған әрбір буын ана тілінің қазынасын кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдыруды өздерінің басты борышы санады.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп Қалдыр Мырза Әлі айтқандай, жаһандану дәуірінде әлемдік тілдерді меңгеру – заман талабы, бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші. Алайда өз ана тілін жеттік біліп, оны қадірлеу – әрбір саналы азаматтың қасиетті парызы. Бүгінгі таңда қоғамда «тіл тазалығы» мәселесі де өткір тұр. Күн-

делікті өмірде орынсыз шеттілдік кірме сөздерді қолдану, жарнама мен көрнекі акпараттардағы қателер тілдің тұғырына сызат түсіретіні анық. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, оның қолдану аясын кеңейту тек мемлекеттік мекемелердің ғана емес, әрбір қазақстандықтың жүрегінен орын алуы тиіс игі іс.

Жаңа ғасыр – цифрлық технология мен жасанды интеллект дәуірі. Қуантарлығы, қазіргі таңда қазақ тілі ғылым мен білімнің, интернет кеңістігі мен бұқаралық акпарат құралдарының тіліне белсенді түрде айналып келеді. Әлеуметтік желілерде, YouTube платформасында және түрлі сайттарда қазақ тіліндегі контент көлемі жыл сайын артып келеді. Жастардың өз ана тілінде сапалы дүниелер жасауы, подкасттар мен блогтар жүргізуі – үлкен серпіліс. Латын графикасына көшу үдерісі – рухани жаңғырудың маңызды қадамы, әлемдік ғылым мен білім кеңістігіне интеграцияланудың төте жолы. Жаңа әліпби қазақ тілінің дыбыстық жүйесін заман талабына сай жаңғыртуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдарда құжат айналымының негізгі бөлігі мемлекеттік тілге көшіп, бизнес пен қызмет көрсету саласы да қазақ тіліне бет бұра бастады. Дегенмен, бұл бағытта ат қарғылар жұмыстар әлі де жеткілікті.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Мәселен, елде 130-дан астам ұлт өкіл-

дері тату өмір сүріп жатыр. Мемлекет құраушы ұлт – қазақтардың үлесі 70%-дан асады. Қазақстанда 100-ден астам ұлтқа Ассамблея жанында тілдерін дамытуға мүмкіндік жасалған. 10-нан астам этникалық топтың өз тілдерінде оқытатын мектептері бар және оларды мәдени-рухани қолдау орталықтары жұмыс істейді. Елде тұратын әрбір этнос өкілінің өз ана тілін үйренуіне, салт-дәстүрін дамытуына толық жағдай жасалған. Мемлекеттік тіл – барлық этностарды біріктіретін ортақ қарым-қатынас құралына айналып келе жатыр.

Қазақ тілін еркін меңгерген өзге ұлт өкілдерінің жетістіктері – еліміздегі тіл саясатының жемісі. Республикада 111 мемлекеттік орталық жұмыс істейді, онда ересектерге қазақ тілі тегін оқытылады. Қазақ тілін өз бетінше үйрену үшін Tilqural.kz, Abai.institute, Tilmedia.kz, Balatili.kz, Soyle.kz, Bala.soyle.kz, Qazonline, Ana.tili қосымшалары жұмыс істеп тұр және тіл мәдениетін арттыру үшін «Мемлекеттік тіл және БАҚ», «Тіл шебері», «Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік символы» байқаулары, «Мен қазақша сөйлеймін» акциясы және тағы басқа республикалық конкурстар жыл сайын өтеді. Тілдің тұғырын биік ұстау – баршамызға ортақ қасиетті парыз.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, оны сапалы контентпен байыту және қоғамдық өмірдің барлық саласында толыққанды қызмет етуін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғаса бермек. «Туған тілім -тірлігімнің айғағы, Тілім барда айтылар сөз ойдағы» - деп ақын Әбілда Тәжібаев жырлағандай рухани тамырымыз терең, ана тіліміздің айбыны асқақ болсын!

Кәусар Арықханқызы.

Ұлт бірлігі - ана тілі.



5 қыркүйек Қазақстан халқы Тілдері күні мерекесіне орай Шар қалалық кітапхана мен мәдениет үйі бірлесіп «Ұлт бірлігі- ана тілі» атты кездесу сағатын өткізді.

Шараға Жарма аудандық, Достық үйінен келген әр ұлт өкілдері «Единство» (Бірлік) славян этномәдени бірлестігінің жетекшісі, қоғам қайраткері Татьяна Николаевна Пяткова ұжымымен және П.Г.Карелин орта мектебінің оқушылары қатысты. Оқушылар тарапынан бірнеше сұрақтар қойылып, оларға жауап берілді. Қатысушылар тілге байланысты өз ойларымен бөлісті. Шара соңында қатысушыларға шағын сыйлықтар табысталды. Қазақстан халқы тілдері күні – ел бірлігінің, достық пен ынтымақтастықтың жарқын көрінісі.

Гүлзада Бектұрғанқызы, Шар қалалық кітапханасының меңгерушісі.

Тіл – татулық тірегі

Тіл – ұлттың рухани тірегі, халықтың тарихы мен мәдениетін сақтайтын асыл қазына. Ауданымызда «Тілдер шеруі» айлығы ұйымдастырылып, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, тіл мәдениетін қалыптастыру, көптілділікті насихаттау және Қазақстан халқының тілдеріне деген құрметті арттыру бағытында бірқатар мәдени-танымдық іс-шаралар өткізіледі.

«Тілім – менің мақтанышым» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандарға ана тіліміздің тарихы, дамуы мен тіл мәдениетіне қатысты әдебиеттер ұсынылады.

14-18 қыркүйек аралығында «Тіл – ұлттың жаны» тақырыбында танымдық сағаттар өткізіліп, жас ұрпаққа ана тілінің қадір-қасиеті мен ұлттық болмысты қалыптастырудағы маңызы түсіндіріледі. Ал «Ана тілім – ардағым» атты мәнерлеп оқу челленджі арқылы жастар мен оқушылардың қазақ тілінде көркем сөйлеуіне, әдеби шығармаларды мәнерлеп оқуына мүмкіндік беріледі.

Айлықтың маңызды шараларының бірі – 25 қыркүйекте сағат 10.00-де өтетін аудандық «Сөз дода» байқауы. Байқау қатысушыларының шешендік қабілеті, сөз саптауы мен тіл байлығы сыналып, мемлекеттік тілді насихаттауға бағытталған шығармашылық тапсырмалар орындалады.

29 қыркүйек күні сағат 17.00-де «Көп тіл білу – заман талабы» тақырыбында полиглоттармен кездесу ұйымдастырылады. Кездесу барысында бірнеше тіл меңгерудің артықшылықтары, тіл үйренудің тиімді жолдары және жастардың тілге деген қызығушылығын арттыру мәселелері қозғалады.

Ал 1 қазан – Қарттар күніне орай «Аталы сөз – баталы сөз» («Сөз мергені») атты ұрпақтар интеллектуалдық сайысы өткізіледі. Ата-әже мен немерелердің басын қосатын бұл шарада ұлттық салт-дәстүр, мақал-мәтел, шешендік сөздер мен халық даналығы дәріптеліп, ұрпақтар сабақтастығының маңызы айқындалады.

5 қазан күні Мәдениет сарайының кіші залында «Тілдер шеруі» айлығының қорытынды кеші өтеді. Қорытынды шара барысында айлық аясында өткізілген іс-шаралардың нәтижесі сараланып, белсенді қатысушылар марапатталады. Жастардың қатысуымен концерттік бағдарлама ұсынылып, тіл мен ұлттық құндылықтарды дәріптейтін шығармашылық қойылымдар көрсетіледі.

Тіл – адамдарды жақындастыратын, ел бірлігін нығайтатын ұлы құндылық. Сондықтан мемлекеттік тілді құрметтеу, өзге тілдерге сыйластықпен қарау – баршамызға ортақ міндет.

«Тілдер шеруі» айлығы – тілге деген құрметті артырып қана қоймай, татулық пен бірлікті, ұлттық құндылықтар мен ұрпақтар сабақтастығын дәріптейтін маңызды мәдени шара болмақ.

Ж. Маханова, Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы.



ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Әке ұлды, ана ұлтты тәрбиелейді

Қоғам өзгерген сайын адамның өмір салты, дүниетанымы мен қарымқатынасы да өзгереді. Бүгінде технология тұрмысты жеңілдетіп, ақпаратқа қолжетімділікті арттырды. Әйел мен ер адамның қоғамдық рөлі кеңейді, бала тәрбиесіне көзқарас жаңарды. Алайда осы өзгерістердің арасында бір нәрсе өз маңызын жоғалтпауы тиіс. Ол – отбасы құндылығы.

Отбасы – адамның қоғамдағы алғашқы мектебі. Бала ең бірінші қарым-қатынасты, сыйластықты, жауапкершілікті, жақсы мен жаманды ажыратуды отбасынан үйренеді. Сондықтан отбасының беріктігі тек жеке шаңырақтың мәселесі емес, тұтас қоғамның мәдениеті мен болашағына әсер ететін фактор. Бүгінде «отбасы құндылығы» деген ұғымды тек үлкенді сыйлау, дастарқан басында бірге отыру немесе дәстүрлі салттарды сақтау деп түсіну жеткіліксіз. Құндылық – адамның күнделікті әрекетінен көрінетін ұстаным. Адалдық, жауапкершілік, өзара құрмет, сабыр, кешірімділік, мейірім мен қамқорлық отбасындағы қарым-қатынастың негізіне айналғанда ғана оның тәрбиелік мәні артады.

ДӘСТҮР ӨЗГЕРЕДІ,
ҚҰНДЫЛЫҚ ӨЗГЕРМЕЙДІ

Қазақ қоғамында отбасы әрқашан ерекше орын алған. «Отан – отбасынан басталады» деген түсінік те осыдан қалыптасқан. Бұрын отбасы бірнеше ұрпақтың басын қосып, үлкен мен кішінің арасындағы байланысты үзбей ұстап тұрған орта болды. Бүгінде өмір сүру салты өзгерді. Жас отбасылардың жеке шаңырақ көтеруі, ата-анадан бөлек тұруы қалыпты жағдайға айналды. Бірақ бұл дәстүрдің мәні жоғалды деген сөз емес. Өйткені дәстүрдің сыртқы формасы өзгергенімен, оның тәрбиелік өзегі сақталуы керек. Үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу, еңбекті бағалау, ағайынмен араласу, қиындықта бір-біріне сүйену сияқты қасиеттер заманға тәуелді емес.

Осы жөнінде ардагер ұстаз, әжелер ансамблінің мүшесі Талмаш Жұмабаева апамыз былай дейді.

– Тәрбиенің бастауы, ең тамаша мектебі – отбасы. Тәрбие, тәртіп ең алдымен отбасынан басталады. Қазақ халқының өзіне тән отбасы дәстүрлері мен ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылық – ұлттық тәрбие, ұлттық бірліктің негізі, ұлттық тарихымыздың өзегі. Құндылық дегеніміз – өте кең ұғым. Ол адамның дүниеге келгенінен өмірінің соңына дейінгі сенімі, дүниетанымы, дәстүрі мен ұлттық тәрбиесін қамтиды, – дейді ардагер ұстаз.

Бұл пікірдегі маңызды мәселе – отбасы тәрбиесінің бір күндік немесе бір кезеңдік міндет еместігінде. Балаға кішкентайынан қалыптасқан мінез-құлық кейін оның азаматтық ұстанымына айналады. Сондықтан ұлттық құндылықты тек мерекелік шараларда немесе мектептегі тәрбие сағаттарында көрсету жеткіліксіз. Ол үйдегі күнделікті сөзден, атаананың әрекетінен, үлкендермен қарым-қатынастан көрінуі керек.

ТӘРБИЕГЕ ОРТАҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕРЕК

Отбасындағы тәрбиені тек анаға немесе тек әкеге жүктеу – мәселенің бір жағын ғана көру. Бала үшін әкенің де, ананың да орны бөлек. Ана көбіне баланың эмоционалдық әлеміне жақын болса, әке жауапкершілік, тәртіп, табандылық сияқты қасиеттерді ісімен көрсетуі керек. Бірақ бұл міндеттерді қатаң бөліп қояудан гөрі, екеуінің бірінбірі толықтыруы маңызды.

Халық даналығында «Ата – ұлды, ана – ұлтты тәрбиелейді» деген сөз бар. Мұнда ананың отбасындағы ықпалы айқын көрінеді. Ана – үйдегі көңіл күйді қалыптастыратын, баланың жан дүниесін түсінетін тұлға. Дегенмен отбасының берекесі бір адамның мінезіне ғана тәуелді емес. Ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген құрметі мен ортақ шешімі де маңызды.

Талмаш Жұмабайқызы бұл жауапкершілікті ананың сабырмен байланыстырады.

– Отбасының шырағы да, шуағы да – ана. Отбасының берекесі мен бірлігі көп жағдайда анаға байланысты. Ана қандай жағдайда да сабыр сақтап, дұрыс шешім қабылдай білуі керек. «Үй өзімдікі деме, үй сыртында кісі бар» деген сөз бар. Айқаймен, ашумен мәселе шешілмейді. Отбасындағы құндылықтарға адалдық, жауапкершілік, өзара құрмет, төзімділік, сүйіспеншілік, мейірімділік пен ризашылық жатады. Осы қасиеттер ана бойынан табылса, отбасының бірлігі мен берекесі де сақталады, – дейді апамыз.

Алайда барлық жауапкершілікті әйелге артып қоюға болмайды. Отбасы – екі адамның ортақ өмірі. Ер адамның да жарына құрмет көрсетуі, балаға уақыт бөлуі, отбасындағы мәселеге немқұрайлы қарамауы – шаңырақтың тұрақтылығы үшін аса қажет.

Бұл ретте аудандық ата-аналар комитетінің төрағасы Мағауия Әлиев бала тәрбиесінде әкенің үлгісі ерекше екенін айтады.

«Тәрбие жөнінде үш одақ бар: мектеп, ата-ана, қоғам. Осы үш одақ бірігіп, бір бағытта жұмыс жасауы қажет. Бала тәрбиесіне немқұрайлық танытпауымыз керек. «Тәрбие отбасынан басталады» деп жиі айтамыз. Бірақ осы сөзді іс жүзінде қаншалықты орындап жүрміз? Әкенің бала тәрбиесіндегі орны өте жоғары. Әрбір әке баласына үлгі болуы керек. Егер әке баланың көзінше балағат сөйлеп, дұрыс емес әрекет көрсетсе, одан қандай тәрбие күтеміз? Әке өз ісімен жауапкершілікті, тәртіпті, еңбекқорлықты көрсетуі қажет»

дейді Мағауия Бердібекұлы.

Бұл пікірдегі өзекті мәселе – еңбек тәрбиесі. Қазіргі балалардың көпшілігі дайын дүниені тұтынуға бейім. Ал еңбектің қадірін сезіну үшін баланы міндетті түрде ауыр жұмысқа салу шарт емес. Үйдегі қарапайым шаруаны бірге атқару, өз затын жинау, үлкенге көмектесу, белгілі бір іске жауапты болу – жауапкершіліктің алғашқы баспалдақтары. Мұнда мектептің де міндеті бар. Бірақ баланың мінезін, әдетін, өмірлік ұстанымын қалыптастыру жауапкершілігін толығымен білім беру ұйымына ысырып қою дұрыс емес. Мектеп білім мен тәрбие бағытында жұмыс істесе, отбасы сол тәрбиені күнделікті өмірде бекітуі қажет. Заман өзгерді, бірақ отбасыға қойылатын талап өзгерген жоқ. Қазіргі отбасының алдында бұрын болмаған жаңа мәселелер тұр. Соның бірі – цифрлық орта. Телефон, әлеуметтік желі, түрлі платформалар баланың уақытын ғана емес, оның ойлау жүйесі мен қарым-қатынас мәдениетін де қалыптастыруда. Кейде ата-ана баланың қолына телефон беріп, оның тыныштығын қамтамасыз еткенін тәрбие деп қабылдайды. Бірақ экран баламен сөйлеспейді, оның көңіл күйін сұрамайды, дұрыс пен бұрысты түсіндірмейді. Технология көмектесуі мүмкін, алайда ата-ананың орнын баса алмайды. Отбасындағы тағы бір күрделі мәселе – жас жұбайлардың қиындыққа төзімділігі. Қаржылық мәселе, тұрмыстық жауапкершілік, жұмысбастылық, мінез үйлесімсіздігі сияқты жағдайлар кез келген отбасында кездесуі мүмкін. Мәселе қиындықтың болмауында емес, оны бірге еңсере білуде.

Мағауия Әлиевтің айтуынша, жас отбасылардың бір-бірінің кемшілігін ғана іздеуі түсініспеушілікке алып келуі мүмкін.

«Жас отбасылар бір-бірін түсінуге, қиындықты бірге жеңуге ұмтылуы керек. Кейде жастар қиындыққа шыдамай, бір-бірін төмендетіп, кінә іздей бастайды. Соны түсініспеушілікке, тіпті ажырасуға әкеліп жатады. Мұнда тек бір тарапты кінәлау дұрыс емес. Отбасындағы тәрбиеде де, қарым-қатынаста да екі жақтың жауапкершілігі бар. Әрбір әке ұлттық салт-дәстүрді сақтап, оны баласына үйретуі керек. Мектеп те ұлттық құндылықтарды күнделікті тәрбие жұмыстарында насихаттауы қажет. Бірақ бұл тәрбие мектеп қабырғасында ғана қалып қоймай, отбасында жалғасын табуы тиіс» дейді ол.

Бұл ой қазіргі қоғам үшін маңызды сұрақты алға тартады: біз балаға нені үйретіп жатырмыз және өзіміз оған қандай үлгі көрсетіп жүрміз?

Баладан сыпайылық талап етіп, өзіміз үйде дәрекі сөйлесек; еңбекті бағалауды айтып, өзіміз жалқаулық танытсақ; үлкенді сыйлауды үйретіп, өзіміз ата-анамен дұрыс қарым-қатынас жасамасақ, тәрбиенің сөзі мен ісі екі бөлек кетеді. Бала атаананың айтқанынан бұрын жасаған әрекетін қабылдайды. Сондықтан отбасы тәрбиесінің ең тиімді құралы – жеке үлгі. Балаға «жақсы бол» деуден бұрын, жақсы қарым-қатынасты көрсету абзал. «Кешірім сұра», «үлкенді сыйла», «еңбек ет» деген сөздер ата-ананың өз мінезінен көрінгенде ғана шынайы мәнге ие болады.

ШАҢЫРАҚТЫҢ БЕРІКТІГІ –
ҚОҒАМНЫҢ БЕРІКТІГІ

Отбасы мәселесін тек тұрмыстық деңгейде қарау жеткіліксіз. Шаңырақта қалыптасқан қарым-қатынас кейін адамның қоғамдағы мінезіне әсер етеді. Үйде пікірін тыңдатуға ғана үйренген бала ертең қоғамда да өзгелердің пікірін қабылдауға қиналуы мүмкін. Ал өзара сыйластықты көріп өскен бала келісімге келудің, жауапкершіліктің маңызын ертерек түсінеді. Сондықтан бүгінгі отбасыға қойылатын талап – өткенді сол күйінде қайталау емес, оның құндылығын қазіргі өмірмен үйлестіру. Дәстүрді сақтау дегеніміз – бұрынғының барлық формасын өзгеріссіз қайталау емес. Оның адамды адамгершілікке тәрбиелейтін мәнін жоғалтпау. Қазақ отбасындағы үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық, қонақжайлық, еңбекқорлық, ағайынмен татулық сияқты құндылықтар қазіргі қоғамда да өзекті. Оларға заманауи диалог мәдениетін, баланың жеке пікірін құрметтеуді, әке мен ананың ортақ жауапкершілігін қосу – дәстүр мен бүгінгі өмірдің үйлесімін қалыптастырады. Отбасы құндылығы – баланы тәрбиелеуден ғана емес, бір-бірін түсініп, құрметтеп, қиындықта бірге болудан басталады. Шаңырақтағы сыйластық, ата-әженің өнегесі, әке мен ананың өзара қарымқатынасы, балаға көрсетілген қамқорлық пен жауапкершілік – барлығы біртұтас тәрбиенің негізін құрайды. Бала сондай ортада өсіп, отбасының қадірін айтылған ақылдан емес, күнделікті өмірден үйренеді. Сондықтан отбасы беріктігін тек ажыраспаумен немесе бір шаңырақ астында өмір сүрумен өлшеу аздық етеді. Нағыз береке – бір-бірінің пікірін тыңдай білу, кешіре алу, қуанышты да, қиындықты да бірге бөлісу, әр мүшенің өзін осы шаңыраққа қажет сезінуінде. Бала үшін мұның бәрі – көрінбейтін, бірақ өмір бойы бірге жүретін тәрбие. Сол себепті «балаға қандай тәрбие береміз?» деген сұрақпен қатар, «баламызға қандай отбасы үлгісін көрсетіп жүрміз?» деген сауалды да өзімізге қойғанымыз жөн. Өйткені бүгінгі шаңырақтағы қарым-қатынас – ертеңгі ұрпақтың отбасы туралы түсінігі, ал бүгін қалыптасқан отбасы мәдениеті – ертеңгі қоғамның негізі.

Өз тілішіміз

Қазақша ойла –
қазақша ойна!

Тіл – ұлттың жаны, халықтың рухани байлығы. Ана тілімізді құрметтеу, оның мәртебесін көтеру – баршамызға ортақ міндет деп білемін. Әсіресе, бала тәрбиесінде тілдің орны ерекше. Бала қазақ тілін неғұрлым ерте естіп, сөйлеп, ойын арқылы қолданса, ана тіліне деген сүйіспеншілігі де соғұрлым қалыптасады.

Мен өз кәсібімді жүргізе отырып, балалардың көңілді әрі пайдалы уақыт өткізуіне жағдай жасаумен қатар, мемлекеттік тілімізді құрметтеуге және жас бүлдіршіндерге патриоттық тәрбие беруге өз үлесімді қосқым келеді. Осы мақсатта «Томпақ» отбасылық ойын алаңында «Қазақша ойла – қазақша ойна!» қағидатын ұстанып келемін.

Балаларға арналған ойындар мен танымдық шараларды қазақ тілінде өткізуге ерекше мән беремін. Бүлдіршіндердің ана тілінде еркін сөйлесіп, өзара қазақша қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беруге тырысамын. Ойын арқылы балалар жаңа сөздер үйреніп қана қоймай, ұлттық құндылықтарымызбен де танысады.

Мысалы, 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай «Томпақ» отбасылық ойын алаңында қазақ тіліндегі қызықты ойындар, танымдық тапсырмалар, сұрақ-жауаптар мен түрлі жарыстар ұйымдастырылды. Балалар белсенді қатысып, көтеріңкі көңіл күймен уақыт өткізді. Шара соңында бүлдіршіндерге тегін сыйлықтар таратылды.

Сонымен қатар, балалардың бойына Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға, елін, жерін құрметтеуге тәрбиелеуге де көңіл бөлемін. Осы бағытта 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай арнайы іс-шара ұйымдастырдым. Балаларға еліміздің Тәуелсіздігі, көк Туымыз, Елтанбамыз бен Өнұранымыз туралы түсінік беріліп, патриоттық бағыттағы ойындар мен танымдық тапсырмалар өткізілді.

Менің ойымша, балаға патриоттық тәрбиені жастайы-



ынан берген дұрыс. Туған елін сүйетін, ана тілін құрметтейтін, ұлттық салт-дәстүрін білетін бала – елінің болашағына бейжай қарамайтын азамат болып қалыптасады.

Кәсіпкер ретінде өз кәсібімді дөңгелетумен қатар, қоғамға пайдалы іс жасауға, мемлекеттік тілімізді қолдауға және жас ұрпақ тәрбиесіне өз үлесімді қосуға тырысамын. Әр кәсіпкер өз мүмкіндігіне қарай осындай игі бастамаларға атсалысса, бұл қоғамымыз үшін үлкен қолдау болар еді.

Мен үшін «Томпақ» отбасылық ойын алаңы – тек балалардың ойнайтын жері ғана емес, олардың қазақ тілін үйреніп, ұлттық құндылықтарды танып, Отанын сүюге тәрбиеленетін ортасы болғанын қалаймын.

Қазақша ойлайық, қазақша сөйлейік, қазақша ойнайық!

Тілімізді құрметтеп, туған елімізді бірге мақтан етейік!

Құрметті ата-аналар мен қадірлі ата-әжелер! Балаларымыздың ана тілін құрметтеп, елін сүйіп өсуіне бірге атсалысайық. Себебі тілге деген құрмет пен Отанға деген сүйіспеншілік – бала жүрегіне жастайынан қалыптасады.

Кенжебек Айгерім, «Томпақ» отбасылық ойын алаңының маманы.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫ

ҮКІМЕТ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР
ДАЙЫНДАУДА ҚАНДАЙ ТЫҢ
ТӘСІЛДЕР ҰСЫНБАҚ

Құрылтай сайлауынан кейін жаңадан жасақталған Үкіметтің алғашқы отырысы өтеді. Онда Министрлер кабинетінің мүшелері еліміздің экономикасы үшін маңызды тақырыптардың бірін талқыға салмақ.

Сонымен Үкімет отырысының күн тәртібіне жұмысшы мамандықтары бойында кадрлар дайындаудағы жаңа тәсілдер тақырыбы шығарылып отыр. Оның барысында Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова, Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов тілшілер тарапынан туындаған сауалдарға жауап береді.

Айта кетерлігі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың IV отырысында берген тасырмасына орай өткен жыл Жұмысшы мамандықтар жылы аясында өтті. Жұмысшы мамандықтар жылын іске асыру аясында мемлекеттік органдар жұмысшы мамандықтардың қоғамдық мәртебесін арттыруға, олардың елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуындағы негізгі рөлін айшықтауға және қоғамда еңбек құндылықтарын нығайтуға бағытталған кешенді жүйелік шаралар ұйымдастырылды.

2025 жылы жұмысшы мамандықтарға арналған жаңа мем-

лекеттік наградалардың пайда болуы ерекше маңызға ие болды. Бұл - еңбекті мемлекеттік ынталандыру жүйесіндегі бұрын-соңды болмаған қадам. «Еңбек сіңірген геолог», «Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы», «Қазақстанның еңбек сіңірген кеншісі», «Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» құрметті атақтары алғаш рет енгізілді. Ол жұмысшы мамандықтар өкілдерінің елдің өнеркәсіптік дамуы мен бағалайтынын көрсетті.

2025 жылы жалпы 26 кәсіби мереке атап өтілді, оның аясында мемлекеттік және ведомстволық наградалармен 7,5 мыңнан астам адам марапатталды. Бұдан бөлек, жұмысшы мамандықтардың мәртебесін көтеру және оқушылар мен студенттер тарапынан оларға деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыру мақсатында кәсіпорындарда ашық есік күндерін және жұмыс берушілердің қатысумен бос орындар жәрмеңкесін өткізуді қамтитын кәсіптік бағдарлаудың кешенді іс-шаралары ұйымдастырылды. Ашық есік күндері аясында жалпы білім беретін мектептердің оқушылары металлургия, машина жасау, құрылыс және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының, сондай-ақ құрылыс материалдарын шығару, шыны, полиграфия мен ағаш өң-

деу салаларындағы ұйымдардың өндірістік процестерімен және еңбек жағдайларымен тікелей танысуға мүмкіндік алды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша 27 мың жұмыс берушінің қатысуымен 1,9 мың бос жұмыс орны жәрмеңкесі өткізілді, сондай-ақ 4 347 кәсіпорын «ашық есік күндерін» ұйымдастырды. Бос орындар жәрмеңкелері мен ашық есік күндеріне барлығы 250 мыңға жуық оқушы мен студент қатысты. Қосымша «Сенің мансаптық бастамаң: «Электрондық еңбек биржасын қалай пайдалануға болады» онлайн курсымен 527,7 мың оқушы мен студент қамтылды, тағы 100,7 мың оқушы кәсіптік диагностикадан өтті. Сонымен бірге, салалық мемлекеттік органдар жұмысшы мамандықтар бойынша білім беру жүйесін еңбек нарығымен синхрондауды қамтамасыз ететін 100 кәсіптік стандартты әзірледі.

Кадрлық әлеуетті тұрақты дамыту және еңбек етуге лайықты жағдай жасау мемлекет үшін негізгі басымдықтардың бірі болып қала береді. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту қарқынды түрде жалғасады. Жасанды интеллект енгізіліп жатқан жоғары технологиялық өндірістерге мамандар даярлау басты назарда болады. Колледждерге қабылдауды одан әрі ұлғайту, кәсіпорындар өндірісі бойынша кадрларды мақсатты даярлау тұрақты және үздіксіз түрде мемлекет тарапынан қолдау табады.

Жастардың жұмысшы мамандықтарға қызығушылығын арттыру үшін мектептен бастап ауқымды кәсіптік бағдарлау жұмысы жалғасады. Дуалды оқыту деңгейін дамыту және арттыру, бизнес-әріптестікті нығайту да жүргізіле береді. Кадрлар даярлаудың халықаралық стандартын енгізу, студенттер мен педагогтердің академиялық мобильдігін арттыру, қазақстандық колледждер базасында халықаралық кәсіптік білім беру ұйымдарының жаңа филиалдарын ашу жалғасады.

«ҚазАқпарат»

Абай облысы бойынша
ішкі мемлекетті аудит
департаментінің қаржылық
есептілік аудиті бөлімінің
тексерулер қорытындысыҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІ
БОЙЫНША ТЕКСЕРУЛЕР АЯҚТАЛДЫ

Оның ішінде:



2025 жылға арналған ҚР ҚМ МҚА бекіткен аудиторлық іс-шаралар тізбесіне сәйкес ағымдағы жылы аудит қорытындысы бойынша жоғарыда аталған мекемелердің лауазымды тұлғалары ӘҚБтК 238-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

2025 жылға арналған ҚР ҚМ МҚА бекіткен аудиторлық іс-шаралар тізбесіне сәйкес ағымдағы жылы қаржылық есептілік аудиті бойынша тексерулер аяқталды. Жалпы сомасы 763 051,1 мың теңгеге бұзушылықтар анықталды, оның ішінде қаржылық – 630,5 мың теңге (бюджетке өтелуге жатады), рәсімдік – 762 420,6 мың теңге.

Оның ішінде "Абай облысы бойынша жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" ММ - де – 716 914,7 мың теңге, оның ішінде қаржылық – 95,6 мың теңге (бюджетке өтелуге жатады), рәсімдік-716 819,1 мың теңге және "Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" ММ-де -46 136,4 мың теңге.теңге, оның ішінде қаржылық – 534,9 мың теңге (бюджетке өтелуге жатады), рәсімдік – 45 601,5 мың теңге.

Аудит қорытындысы бойынша жоғарыда аталған мекемелердің лауазымды тұлғалары ӘҚБтК 238-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

ҚР ҚМ МҚА бекіткен аудиторлық іс-шаралар тізбесіне сәйкес 2026 жылға арналған "Абай облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" ММ, "Абай облысының білім басқармасы" ММ және білім басқармасының ведомстволық бағынысты мекемелерінде қаржылық есептілік аудиті бойынша тексерулер ашылды.

Д. Сарсембаев, Қаржылық есептілік аудиті бөлімінің басшысы.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Шұғыла Gold» ЖШС ЖШС 17.09.2026 бастап 10 жұмыс күні ішінде Қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің сайтында (НБД СОС и ПР <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>) «Боко-Васильевский Аульный учаскесінің пайдалы қазбалар кен алқабы бойынша қатты пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспары және болжамды құнын есептеу» бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады. Өсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Бөке, Ақжал ауылдары (халқы аз елді мекендер Ақжал ауылы (49012'38,56"с.е. 81025'06,82" ш.б.) және Бөке (49005'32,71"с.е. 81035'49,54 ш.б.) Ақжал ауылдық округіне жатады. Жаңаөзен ауылы - Ақжал ауылдық округінің әкімшілік орталығы).

Ұсынылған қызметтің бастамашысы: - "Шұғыла Gold" ЖШС, БСН 131140014636, Абай облысы Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Ақжал ауылы, Восточная көшесі, зд. 70, 87751760147, e-mail: Office@shugyla.asia.

Жобалық құжаттаманы әзірлеушілер: "АБС-НС" ЖШС, БСН 000540004317, ШҚО, Өскемен қ., Новаторлар к-сі 3/1, 16 н.п., e-mail abs-ns@mail.ru., "Манакбаева" ЖК, ШҚО, Өскемен қ., "Металлург-6", 372 үй тел.: 87751760147, e-mail: ainurkizatova@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен "Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі" сайтында (НБД СОС и ПР <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>), "Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/about?lang=kk>, e-mail: uprip.abay@akimatabai.gov.kz , пошталық мекенжайы ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30. Телефон 8 (7222) 35-44-32 танысуға болады, жоба бойынша қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін 8-775-176-01-47; e-mail: ainurkizatova@mail.ru

Жұртшылықтың ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз етуге және қоғамдық тыңдаулар өткізуге жауапты Орган - " Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы", ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30. Телефон +8 (7222) 35-44-32, uprip.abay@akimatabai.gov.kz

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Шұғыла Gold» объявляет, что с 17.09.2026 в течение 10 рабочих дней на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (НБД СОС и ПР <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>) будут проводиться общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «План ликвидации и расчет приблизительной стоимости ликвидации последствий операций по добыче твердых полезных ископаемых участка Аульный Боко-Васильевского рудного поля». Территория воздействия: Область Абай, Жарминский район, Ақжалский сельский округ, поселки Боке, Ақжал (малонаселенные пункты поселок Ақжал (49012'38,56"с.ш. 81025'06,82" в.д.) и Боке (49005'32,71"с.ш. 81035'49,54 в.д.) относятся к Ақжалскому сельскому округу, с. Жанаозен - административный центр Ақжалского сельского округа).

Инициатор намечаемой деятельности – ТОО «Шұғыла Gold», БИН 131140014636, область Абай Жарминский район, Ақжалский сельский округ, село Ақжал, ул. Восточная, зд. 70, 87751760147, e-mail: Office@shugyla.asia.

Разработчик проектной документации: ТОО «АБС-НС», БИН 000540004317, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Новаторов 3/1, 16 н.п., e-mail abs-ns@mail.ru., ИП «Манакбаева», ВКО, г. Усть-Каменогорск, «Металлург-6», дом 372 тел.: 87751760147, e-mail: ainurkizatova@mail.ru.

